

Шошқаларды лагерлік-жайылымдық жағдайда ұстаудың тиімділігі (1-бөлім)

Өндіріс процесі өндіріс көлемінің ұлғаюымен жүретін ірі кәсіпорындарда, өндірістің техникалық деңгейінің жоғарылауына әкеледі, бұл кәсіпорынның жұмысындағы сапалы өзгерісті білдіреді, ескі белгіленген стандарттарға сай өнім өндірісінің экспорты кедей елдерге өтуде. Бірақ қазіргі уақытта экологиялық таза өнімдердің ішкі нарық құрылымында танымалдығы артуда. Бұл тек ірі қара мал, жылқы, құс ғана емес, шошқа етінің де өндірісіне қатысты. Еуропа әлдеқашан органикалық шошқа етін сатуға көшіп кеткен, оның «органикалық емес шошқа етінен» айырмашылығы - жануарларды ұстау жағдайы еркін жайылымда жүзеге асқан. Мысалы, Германия елінде емен ормандары жайылым орны болып табылады. Еркін жайылымнан бөлек, жем мен сумен еркін қамтамасыздандырылған кең қашаларда ұстау тәжірибесі де қолданылады.

«СолтҚазМӨҒЗИ» ЖШС қызметкерлері көктемгі-жазғы уақыт кезеңінде осы мәселені зерттеумен айналысты, уақыты 4 айды құрады. Жайылым аумағы Солтүстік Қазақстан жерінде, атап айтқанда Қызылжар ауданында орналасқан. Жайылым алаңы 77 мал басына 255 м²-ді қамтыды. 20 бас аналық, әрқайсысында 8-10 торайы бар 5 бас аналық және 10 бас - 4 жастан асқан төлдер жыныстық және жас топтары бойынша зерттеу нысаналарына айналды. Барлық жануарлар ірі ақ шошқа тұқымына жатады. Зерттеу барысында ұстау жағдайларына байланысты шошқалардың денсаулығы мен дамуында өсу динамикасы байқалды.

Шошқаларды лагерьге ауыстыру кезінде біз дегельминтизацияны жүргіздік, өсірілген тұяқтарды кестік, сондай-ақ олардың инвентарлық нөмірлерін тексердік (1-сурет).

Ас қорыту жүйесінің бұзылуының алдын алу үшін шошқаларды біртіндеп жасыл азықпен тамақтандыруды ұсынамыз. Атап айтқанда, бұл аналық шошқаларға, емізетін аналықтарға және жас төлдерге қатысты. Осы топтағы жануарларды тәулігіне бір сағаттан асырмай жаю керек. Содан кейін жайылымның ұзақтығын біртіндеп күніне үш-бес сағатқа дейін арттыруға болады.

Шошқаларды күніне 2 рет жаю керек: күн ысымай тұрып (шамамен 7-ден 10-ға дейін) және ыстық қайтқаннан кейін күннің екінші жартысында (17-ден 19 сағатқа дейін).

4-5 күн ішінде шошқалар біртіндеп жайылымға үйрене бастады. Күн ыстығында жануарлар өренің астында ұсталды. Егер өре, қалқан болмаса, тал-шілігі бар ормандардың жанында жаю ұсынылады.

Зерттеу жазғы уақытта жүргізілгеніне байланысты, жануарлар рационының биологиялық тұтастығы арта түсті.

Барлық қажетті заттарға бай шөптен басқа, шошқалар көктемгі-жазғы жайылымда үнемі қозғалыста болғандықтан, нәтижесінде жануарлардың бұлшықеттері мен сүйектерінің дамуы жақсарды, бұл өз кезегінде жануарлардың денесін қатайтуға ықпал етті.

Сондай-ақ, шаруашылыққа шошқаларды жайылымда жаю экономикалық тұрғыдан тиімді. Шошқа етінің өзіндік құнының төмендеуі байқалды, өйткені жануарлар мал қорада ұсталғаннан гөрі жақсы дамыды. Бұл төлдердің өсуінде және концентраттармен қоректенуде байқалды.


Ғалымдар жайылымда және қорада ұсталған аналықтардың репродуктивті қабілетін зерттеді. Әрбір зерттелген топта 10 бас ірі ақ тұқым болды. Екі топтың да жас көрсеткіштері ұқсас келді. Бақылау мақсатында қорадағы, ал тәжірибе үшін –

жайылым жағдайындағы аналықтар алынды. Мал қораға қарағанда жайылымда ұсталған аналықтардың сүттілігінің артуы, сондай-ақ көп ұрықтылығы байқалды (1-кесте).

Көктемгі-жазғы жайылым жағдайында мал жаю үшін арнайы жасыл азық дақылдары бөлінді, жасанды жайылымдар және олардың жанында жазғы лагерьлер ұйымдастырылды. Бірақ барлық жерде жануарларды жаю мүмкіндігі бола бермейді, мысалы, орманды және батпақты жайылымдарда бұл мүмкін емес. Бұл жануарларға жайылым алаңын ескеру және іздеу кезінде маңызды.

1-кесте-жайылым және қора жағдайындағы аналықтардың көбею қабілетінің салыстырмалы сипаттамасы.

№	Аналықтарды ұстау жағдайы:	Зерттелетін бас саны	Репродуктивті көрсеткіштер		
			Сүт, кг	Көп ұрықтылығы, басы.	Төлдің ірілігі, кг
1	Жайылым	10	47,5	10,7	1,21
2	Қора	10	43,3	9,5	1,23



1-сурет-шошқа басын жайылымға ауыстыру алдындағы қажетті іс-шаралар

А. И. Поляк, Р. Ш. Асаубаев, А. И. Гузиенко